ЖЕТІСАЙ АУДАНЫНЫҢ
«ҚАЗЫБЕК БИ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІ АППАРАТЫ»
мемлекеттік мекемесі

ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«АППАРАТАКИМА СЕЛЬСКОГООКРУГА КАЗЫБЕК БИ»
ЖЕТЫСАЙСКОГО РАЙОНА

ӨКІМ

01.06.2026 ж.

Қазыбек би ауылы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 13-Ө-Н/Ұ

село Казыбек би

Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Түркістан облысы Жетісай ауданы Қазыбек би ауылдық округі Жамбыл елді мекеніндегі Атамекен көшесінің автомобиль жолдарын күтіп ұстау жұмыстары бойынша Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылсын.
2. Қазыбек би ауылдық округінің Жамбыл елді мекеніндегі Аманат көшелеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу бойынша Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылсын.
3. Қазыбек би ауылдық округінің Әбиболла елді мекеніндегі жаяу жүргіншілер жолдарына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу бойынша Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылсын.
4. Осы өкімнің орындалуын бақылау өзімде қалдырылсын.

Қазыбек би ауылдық округі әкімі: **Н.Мутаев**

Қазыбек би ауылдық
округінің әкімі Н.Мутаевқа

Бас маман О.Әмзеден

Қызметтік жазба!

Ауылдық округі елді мекендердегі жолдардың, жаяу жүргіншілер жолдарының және көше жабындарының техникалық жағдайына байланысты тұрғындар тарапынан көптеген шағымдар мен өтініштер түсуде. Қазіргі таңда жолдардың тозуы тұрғындардың қауіпсіз жүріп-тұруына қолайсыздық туғызып, әлеуметтік наразылықтың күшеюіне себеп болуда.

Мемлекеттік сатып алудың жалпы тәртіппен өткізілуі белгілі бір уақытты қажет етеді. Бұл өз кезегінде аталған мәселелерді жедел шешуге мүмкіндік бермейді және тұрғындар тарапынан көтеріліп отырған өзекті мәселелердің уақтылы шешілмеуіне алып келуі мүмкін.

Осыған байланысты халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және әлеуметтік шиеленістің алдын алу мақсатында төмендегі жұмыстарды Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу рәсімі арқылы жүзеге асыру қажет деп санаймыз:

«Түркістан облысы Жетісай ауданы Қазыбек би ауылдық округі Жамбыл елді мекеніндегі автомобиль жолдарын күтіп ұстау жұмыстары;»

«Түркістан облысы Жетісай ауданы Қазыбек би ауылдық округі Әбиболла елді мекеніндегі жаяу жүргіншілер жолдарына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу»;

«Түркістан облысы Жетісай ауданы Қазыбек би ауылдық округі Жамбыл елді мекенінің көшелеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу.»

Осыған байланысты аталған жұмыстарды бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға келісім беруіңізді сұраймын.

О.Әмзе

01.06.2026 жыл